

"Қазсибэкспорт "Ақсуат" АҚ біріккен кәсіпорнымен жасаған форвардтық контрактісі туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1996 жылғы 23 тамыз N 402

1. 50985 мың (елу миллион тоғыз жүз сексен бес мың) АҚШ доллары сомасына 1996 жылдың астығынан мемлекеттік ресурстардан 300 мың тонна азық-түліктік бидай сатып алуға арналған Мемлекеттік азық-түлік контракті корпорациясының қазақстан-ресей "Қазсибэкспорт "Ақсуат" АҚ біріккен кәсіпорнымен жасаған форвардтық контрактісі мақұлдансын.

Контрактінің шарттары бойынша сатып алушы осы өкім шыққаннан кейін 10 күн ішінде аталған соманы алдын ала төлемін қамтамасыз ететіні назарға алынсын.

2. Мемлекеттік азық-түліктік контракті корпорациясы ағымдағы жылдың 1 қазанынан бастап сатып алушыға астық жөнелтуді қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі, Кеден комитеті, Мемлекеттік азық-түліктік контракті корпорациясы мен Қазақстан халықаралық агроөнеркәсіптік биржасы аталған контракт бойынша астық жөнелтуге қажетті жәрдем көрсетсін.

3. Мемлекеттік азық-түліктік контракті корпорациясы облыс әкімдерімен бірлесіп ағымдағы жылдың 1 қарашасына дейін республиканың шаруашылық жүргізуші субъектілеріне тұқымдық, азық-түліктік және жем-шөптік несиелер ретінде берілген астықты мемлекеттік ресурстарға қайтаруды қамтамасыз етсін.

Премьер-Министр